

**Көңілді тапқыштар клубы** - КТК ойындарын ұйымдастырып, жастардың осы бағытта ізденіп, шығармашылық өсуіне көмек көрсетеді.

«**Аграрка сарбаздары**» көңілді тапқырлар клубы – Жайдарманшылар арасында республикаға танымал командалардың бірі. Команданың негізін қалаған танымал шоумен Тұрсынбек Қабатов болатын. «Аграрка сарбаздарының» қатарында: Нұржан Бейсенов, Нұрлан Кереев, Ерлан Дакенов, Руслан Нұрланов, Дәулет Бекмағамбетов, Ерлан Жұмағазин, Бибаев Бақытжан және т.б. өнер көрсетті. «Аграрка сарбаздары» КТК командасы 2001-2002 жылдары құрылып, өз шығармашылық жолын бастады. Алғашқы сахналық қадамдары көрермен көңілінен шығып, өздерінің шығармашылық ізденістерін көрсете білді. 2003 жылы Алматы қаласында өткен «Мыңнан тұлпар» сайысында Гран - при иегері атанды. Сондай-ақ, аталған команда Түркістан, Алматы, Көкшетау, Астана, Қарағанды, Сәтбаев, Тараз және т.б. ірі қалалары әкімдерінің кубоктарын иеленген.

«Аграрка сарбаздары» 2014 жылы Астана қалалық әкімдігі Астана қалалық Жастар саясатын қолдау мемлекеттік қорының ұйымдастыруымен өткен «Жастар жалыны-2014» байқауының Бас жүлдегері атанды.

2014 жылғы Қазақстан КТК Одағының ұйымдастыруымен Тараз қаласында өткен Республикалық «Жайдарман-2014» ойындарының финалдық сайысының III орын иегері.

2014 жылғы Павлодар қаласында Қазақстан Республикасы КТК Одағының «Ертіс бойы» Орталық лигасының жартылай финал ойындарының II орын иегері.

2014 жылы Қазақстан КТК Одағы Республикалық жоғары лига ойындарының Вице чемпионы.

Астана қаласындағы ірі мәдени шаралар «Аграрка сарбаздары» КТК командасының қатысуымен өткізіліп отырады. Ресейде өтетін Халықаралық КТК одағы А.В.Масляков ойындарында Қазақстанның атынан шығып жүрген «Астана КЗ» және «Казахи» КТК командасының белді ойыншылары осы «Аграрка сарбаздары» КТК командасынан түлеп ұшқан.

Қазіргі уақытта бұл команданың жетекшісі - Сахария Баянды.



